

№38 (20 903)
25 қыркүйек,
2025 жыл, бейсенбі



Облыстық қоғамдық-саяси газет

@Atyrau.gazeti
atyrau_gazeti@mail.ru
Атырау газети
www.atr.kz
«Атырау» газети
atyrau_gazeti
Atyrau_news
Атырау жаңалықтары

Атырау

Мәселе

Жем бойында мал өлді, НЕ СЕБЕП?

ОСЫ АПТАДА ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫНДАҒЫ БАҚАШЫ УЧАСКЕСІНДЕ СИЫР МАЛЫНЫҢ ЖАППАЙ ҚЫРЫЛУЫ АНЫҚТАЛДЫ. АУДАН ОРТАЛЫҒЫНАН 18-20 ШАҚЫРЫМ ЖЕРДЕГІ ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАР АЛАҢДАП ОТЫР. БІР КҮННІҢ ІШІНДЕ ӨРІСТЕ ЖҮРГЕН БІРНЕШЕ БАС МҮЙІЗДІ ІРІ-ҚАРА ӨЗІНЕН-ӨЗІ ШЫҒЫН БОЛҒАН. КЕЙІН БІР ТҮЙЕНІҢ ӨЛГЕНІ ДЕ АНЫҚТАЛДЫ.

Тұрғындардың айтуынша, өлген малдың бәрінің іші кеуіп кеткен. Сойып көрсө өті жарылып, өкпесі қарайып, ішек-қарны іріп кетіпті.

Ауыл тұрғындары «мұндай жағдай Жем өзенінің Құржем сағасында жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарымен байланысты болуы мүмкін» деген болжам айтып отыр. Өйткені, су қоймасын кеңейту мақсатында шлюз орнатылып, су деңгейін төмендетуге арналған инесүзгі құрылғысы қойылған. Дәл осы құрылғыдан шыққан суды ішкен мал қырылып жатыр екен.

Ал ветеринар мамандар өлекселерді тексеріп, зертханалық сынамалар алды. Судан да, өлген малдан да патологиялық үлгілер жиналып, облыстық зертханаға жіберілген.

– Өлекселерден жұқпалы аурудың белгілерін байқамадық. Алдын ала болжам бойынша әзірге улану деп отырмыз. Құрылғыдан шыққан сумен қатар учаскедегі таза судың да сынамасы алынды. Арнайы зертханалық қорытындыдан кейін нақты себебі белгілі болады. Мұндай жағдай ауданда алғаш рет тіркеліп отыр. Басқа аудандардағы

әріптестерімізбен сөйлескенде, олар да біздің болжамды айтты. Өлген малды мал қорымына өз күшімізбен көміп жатырмыз. Мердігер мекеме де қол ұшын созатынын айтты, – деді аудандық ветеринария станциясының басшысы Нұрболат Өрбісінов.

Сондай-ақ мамандар мал өлімі болған аумаққа әзірге мал жаймауды тұрғындар қаперіне беріп жатыр. Осыған байланысты аудандық қоғамдық кеңес мүшелері Бақашы учаскесіне барып, салынып жатқан дамбаның маңындағы жағдаймен танысып қайтыпты.

– Ауыл халқы малмен күнелтіп отыр. Тек ауыл ғана емес, Құлсары қаласы тұрғындарының малы да осы жаққа жайылады. Сондықтан халықтың алаңдауына негіз бар, – деді кеңес мүшелері.

Облыста мал өліміне қатысты жағдай алғаш рет тіркеліп отырған жоқ. Сонғы рет бұдан екі ай бұрын Құрманғазы ауданында 100-ге жуық түйе жаппай қырылып, тұрғындар жергілікті әкімдіктен қолдау сұраған болатын.

Алмас БАУЫРЖАНҰЛЫ
Жылыой ауданы



«Адал азамат»

Жолдың жайы алаңдатады

ОБЛЫСТА ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕ ЖЫЛ САЙЫН АЙТЫЛЫП ЖҮРСЕ ДЕ, ТҮБЕГЕЙЛІ ШЕШІМІН ТАППАЙ КЕЛЕДІ. БҮГІНГІ КҮННІҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ БІРІ – ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫН РЕТТЕЙТІН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ТАПШЫЛЫҒЫ. ЕҢ ҚАРАПАЙЫМ ЖОЛ ТАҢБАСЫ МЕН БЕЛГІСІ ДЕ УАҚЫТЫНДА ҚОЙЫЛМАЙДЫ. БЫЛТЫРДАН БЕРІ АТЫРАУ ҚАЛАСЫНА ҚАРАСТЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУПТЕР МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ БАЙҚАУЫН ЖЕКЕ-ДАРА ӨТКІЗІП КЕЛЕДІ. АЛ ҚАРЖЫСЫ АЗ ТЕНДЕРГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТАТЫНДАР ДА АЗ БОЛАТЫНЫ ТҮСІНІКТІ ҒОЙ. СОНЫҢ КЕСІРІНЕН АУЫЛДЫҚ ЖЕРДЕ ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІ ОРНАТЫЛМАЙ, ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР ЖОЛЫ СЫЗЫЛМАЙ ҚАЛЫП ОТЫР. БҰРЫН БҰЛ ЖҰМЫСТЫ ҚАЛАЛЫҚ ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІП ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІ АТҚАРАТЫН, АЛ ҚАЗІР ЖҮЙЕСІЗДІК БЕЛЕҢ АЛҒАН.

(Толығырақ 9-бетте)



Коллажарды жасаған Сая Рымашова

Заң мен Тәртіп

Сот шешімі қалай орындалады?

ӘДІЛЕТ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ – ЗАҢ САЛАСЫНДА ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН ЖАНДАРДЫҢ, ӨСІРЕСЕ, СОТ ШЕШІМДЕРІН ОРЫНДАТУ ЖОЛЫНДА ТАБАҢДЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ МАҢДАЙ ТЕРІН АЙШЫҚТАЙТЫН АТАУЛЫ КҮН. АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ҚҰРАМЫНДА АЛТЫ БӨЛІМ БОЛСА, СОНЫҢ БІРІ – АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ МӘЖБҮРЛЕП ОРЫНДАТУ АУМАҚТЫҚ БӨЛІМІ. БІЗ ОСЫ БӨЛІМНІҢ СОТ ОРЫНДАУШЫСЫМЕН БІР КҮНДІ БІРГЕ ӨТКІЗІП, ОЛАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ЖҰМЫСЫН КӨЗБЕН КӨРУГЕ МҮМКІНДІК АЛДЫҚ.

(Толығырақ 14-15-беттерде)

Мұнай өнеркәсібі

Ірі компания сатылуы мүмкін

«КАСПИЙ НЕФТЬ» КОМПАНИЯСЫ ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫНДАҒЫ АЙРАНКӨЛ КЕН ОРНЫНДА МҰНАЙ ӨНДІРУМЕН АЙНАЛЫСАДЫ. ЖҮЙРДА ОНЫҢ АКТИВТЕРІН ІРІ КӨСІПКЕР ТИМУР ҚҰЛЫБАЕВ САТЫП ЖІБЕРУІ ӨБДЕН ЫҚТИМАЛ. КОМПАНИЯҒА ҚАТЫСТЫ ЖАСАЛАТЫН ІРІ МӘМІЛЕ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ САЙТЫНДА ЖАРИЯЛАНДЫ.

Ақпарат көздеріне сенсек, дәл қазір келісімдер қарастырылып жатқан көрінеді. Өңгіме компания құнының кемінде 10%-ына тең активтердің сатып алынуы немесе сатылуына байланысты. Сонымен қатар келісім 25%-дан астам көлемдегі қарыз алу нұсқасын да қамтуы мүмкін. Тамыздың 5-інде «Каспий Нефть» акционерлік қоғамының жалғыз акционері – Тимур Құлыбаев иелік ететін Joint Resources компаниясы өзіне қатысты мәмілені растаған. Нақты сатып алушылар туралы толыққанды деректер жоқ, дегенмен, сатып алушылардың қатарында Қазақстанда бұрыннан жұмыс істеп жүрген батыс инвесторы бар екені айтылуда. Жыл соңына дейін кім екенін анық айтылады екен. Айта кетейік, «Каспий Нефть»

жылына шамамен 1 миллион тонна мұнай өндіреді. Салық түсімдері бойынша ол – елдегі ең тиімді компаниялардың бірі. Осы көрсеткіштер бойынша ол «Теңізшевройл» мен «Қарашығанак Петролиум Оперейтинг» компанияларынан кейінгі орында.

Дегенмен, негізгі өндіріс орны – Айранкөл кенішінде мұнай өндіру көлемінің төмендеуіне байланысты компания жаңа учаскелерден мұнай іздеуді қолға алған. Биыл тереңдігі екі шақырымнан асатын барлау ұңғымасын бұрғылау жоспарланып отыр.

Жалпы, өткен жылдың қорытындысы бойынша «Каспий Нефть» АҚ-ның таза пайдасы 33,5 миллиард теңге болыпты.

Қаршыға КӨШЕКОВ